## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ АГЕНТТІГІ

**Банк операцияларын және Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге де операцияларды жүргізуге**

# ЛИЦЕНЗИЯ

**Лицензия нөмірі № 1.1.111** **Берілген күні 2024 жылғы 29 сәуір**

**«Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамы**

**Осы лицензия операциялардың мына түрлерін:**
тұрғын үй құрылыс жинақ ақшасына салымдар (депозиттер) қабылдау, салымшылардың шоттарын ашу және жүргізу;
салымшыларға тұрғын үй жағдайларын жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүргізуге тұрғын үй, аралық тұрғын үй және алдын ала тұрғын үй қарыздарын беру;
тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсатында біржолғы зейнетақы төлемдерін есепке жатқызу үшін жеке тұлғалардың ағымдағы банктік шоттарын ашу және жүргізу;
жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үйге ақы төлеу мақсатында төлемдер мен субсидияларды есепке жатқызу үшін жеке тұлғалардың ағымдағы банктік шоттарын ашу және жүргізу;
мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесіне қатысу үшін жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банктік шоттарын ашу және жүргізу **ұлттық валютадағы банк операцияларын;**
кассалық операциялар: қолма-қол ақшаны ұсақтауды, айырбастауды, қайта санауды, сұрыптауды, орауды және сақтауды қоса алғанда, оны қабылдау және беру;
аударым операциялары - жеке және заңды тұлғалардың ақша төлемі мен аударымы бойынша тапсырмаларын орындау;
шетел валютасымен айырбастау операциялары;
депозиттерді қабылдау, заңды тұлғалардың банктік шоттарын ашу және жүргізу;
емделуге ақы төлеу мақсатында біржолғы зейнетақы төлемдерін есепке жатқызу үшін жеке тұлғалардың ағымдағы банктік шоттарын ашу және жүргізу;
тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында нысаналы жинақ төлемдерін есепке жатқызуға арналған жеке тұлғалардың ағымдағы шоттарын ашу және жүргізу **банк операцияларын (ұлттық және (немесе) шетел валютасында);**
өзінің бағалы қағаздарының (акцияларды қоспағанда) эмиссиясы;
сенімгерлік операциялар: сенімгердің мүддесіне және тапсырмасы бойынша ипотекалық қарыздар бойынша талап ету құқықтарын басқару;
жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үйге ақы төлеу және ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мақсатында төлемдер мен субсидияларды есепке жатқызу үшін сенім білдірушінің мүддесінде және тапсырмасы бойынша ақшаны басқарудың сенімгерлік операцияларын;
мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі шеңберінде сенім білдірушінің мүддесінде және тапсырмасы бойынша ақшаны басқарудың сенімгерлік операциялары сияқты **Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге де операцияларды (ұлттық және (немесе) шетел валютасында) жүргізуге құқық береді.**

**Бірінші рет алынған лицензия туралы деректер:** банктер ұлттық және шетел валютасында жүзеге асыратын банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуге: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі берген 2003 жылғы 15 қыркүйектегі № 254.

**Төрағаның орынбасары** **О. Қизатов**

М.О.

**Алматы қаласы**

№ 00004433

г. Алматы. БФ. Зак. № 550-07.